

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

23 мамыр 2018

г.Алматы

Мемлекет қоғамның сенімін иелену үшін бизнестен үйренуі тиіс

*XV Еуразия Медиа Форумында медиа сарапшылар «клиентке бағытталған» мемлекет моделі тақырыбын талқылады*

22-24 мамыр күндері Алматыдағы The Ritz-Carlton қонақ үйінде мерейтойлық XV Еуразия Медиа Форумы өтіп жатыр. Форумда белгілі журналистер, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен сарапшылардың құралған 50- астам спикер ғаламдық дамудың көкейкесті мәселелерін талқылауда.

Форумның ресми ашылу рәсімі өткен соң 4 мәжіліс өтті. Сарапшылар халықаралық ахуал, Еуропалық одақ, ақпараттық технологияның дамуы және қоғамдағы сенім мәселелері бойынша пікір алмасты.

Төртінші мәжілісте шетелдік және қазақстандық медиа сарапшылар жұрттың мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық институттарға деген сенімін қайта орнатуға бола ма?-деген сауалға жауап іздеді. Жазушы, журналист Андрес Ильвес өткен жылы «Сенім барометрі – 2017» атты **(Edelma компаниясының жыл сайынғы зерттеуі)** билік, бизнес және БАҚ, үкіметтік емес ұйымдарға қатысты сенімнің тым төменгі деңгейін тіркегенін атап өтті.

Американдық «International Strategies Inc.» компаниясының президенті Кларк Плексико саясаткерлердің өз халқына көп уәде беретінін, олардың бәрі оны орындай бермейтінін атап өтті.

Ол «Меніңше, қазір саясаткерлер тіпті өз халқына да сенбейді. Олар жағдай талап ететін нақты жауапқа келгенде қиналатынын біледі. Бұл жауапты жеткізу тым қиын. Сондықтан саясаткерлер шындықты айналсоқтап жүреді» дейді.

Грузия ИМ Полиция академиясының бұрынғы жетекшісі, Украина Ұлттық полициясының бұрынғы басшысы Хатия Деканоидзе қоғам барынша ашық, тілдесуге дайын лидерлердің жаңа шоғырын күтеді.

Мұндай пікірмен құқық қорғаушы, жазушы Сауле Мектепбаева келіспейді. Оның пікірінше, тұрғындардың мемлекетке басқа талаптары пайда болуда. Адамдар барынша сапалы мемлекеттік қызметті күтеді.

«Біз шенеуніктен тек қызмет қана емес, оның бізге жымия қарағанын қалаймыз. Егер ол әлеуметке ашық болса, оған деген сенім арта түседі. Егер лидерлер диалогқа дайын екенін көрсетсе, олардың рейтингі өсе түседі. Осылайша, клиентке бағытталған мемлекеттің жаңа моралы пайда болады. Тұрғындар дегеніміз –клиенттер. Сондықтан шенеуніктер солардың тілімен сөйлеуі тиіс. Клиенттің сұранысын қанағаттандыруда мемлекет бизнестен үйренгені жөн» дейді ол.

Ұлыбритания лордтар палатасының мүшесі, саясаткер, жазушы Майкл Доббс саясаткерге кейде адамдарға ұнай бермейтінін тосын шешім қабылдауға тура келетінін атап өтті.

Ал Хатия Деканоидзе пара алатын 16 мың МАИ қызметкерін бір күнде жұмыстан босатқандарын айта келе, соған қарамастан 2012 жылы бүкіл үкіметтің ауысқанын айтты. Оның пікірінше, кейде лидер болу үшін биік мақсат жолында таяқ жеуге де тура келеді.

XV Еуразия Медиа Форумының тақырыбы - «Эволюцияның 15 жылы: құбылмалы дүние және бізге өзгеріс әкелген әлем», Ұйымдастырушылар осы арқылы ЕАМФ-ның Қазақстан Республикасының шетелдегі имиджін қалыптастыруда тиімді әрі заманауи құрал ретіндегі рөлінің артып бара жатқанын білдіруді мақсат етеді.

XV Еуразия Медиа Форумының Бас серіктесі - «Самұрық-Қазына» АҚ, Әлеуметтік серіктес - «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры.

Еуразия Медиа Форумының ресми сайты – <http://eamedia.org/ru/>